

МКҚК «Айза» балабақшасы бойынша бракераждық комиссия отырысының

№1 Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

03.09.2025

Қатысқандар:6

Күн тәртібінде:

- 1.Бракераж комиссия құрамымен таныстыру
- 2.Бракераж комиссиясының мақсаты мен міндетін қарау.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Алдадосова А.А.сөз алды:
2025-2026 оқу жылында балабақша асханасы жұмысының және балалардың тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуын бақылау мақсатында,асхана жұмысын бақылау мақсатында бракераждық комиссиясы төмендегі құрамда бекітілді:

Бракераж комиссиясының төрағасы:

- 1.Алдадосова А.А.– меңгеруші;
- 2.Сабинова Г.М.–медбике;
- 3.Кушенова К.Ж.– шаруашылық жөніндегі меңгерушінің орынбасары;
- 4.Койшыбаева Г.А. кәсіподақ комитетінің мүшесі;
- 5.Рамазанқызы М.–қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- 6.Куаныш Д.-ата-аналар комитетінің мүшесі;

Осы комиссия мүшелері асханаға келген тағам өнімдерінің сапасын,олардың сақталу мерзімдері мен жағдайларын,дайындау технологиясына,ас блогының санитарлық жағдайына бақылау жүргізетіндігін айтты.

2-ші мәселе бойынша медбике Сабинова Г.М. сөз кезегін алды:

Бракераж комиссиясының негізгі міндеттері:

- Тамақтан уланудың алдын алу;
- Асқазан-ішек ауруларын болдырмау;
- Тамақтың дайындалу техникасын қадағалау;
- Тамақтандырудың толыққанды ұйымдастырылуы,түрінің,тізімінің көбейтілуі.

Бракераж комиссиясы өз қызметінде СанПин талаптарын,рецепт жинақтарын,технологиялық картаны,берілген ережелер бойынша басшылыққа алады.

Бракераж комиссиясы тамақтың дәмін татып,оның бағасын беріп,нәтижесін журналға жазылып,таратуға рұқсат берген жағдайда ғана,тамақ таратылады.Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі,сыртқы түрі,түсі,иісі,құрамы,қаттылығы,шырындылығы міндетті түрде жазылуы тиіс.

Шешімі:

- 1.Ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен нормаға сәйкестігі,дайын тағамның күнделікті сапасы күнделікті қадағалансын.
- 2.Жыл бойына комиссия мүшелері міндеттерін орындасын.

Бракераж комиссия төрағасы меңгеруші:

Алдадосова А.А.
Сабинова Г.М.
Кушенова К.Ж.
Койшыбаева Г.А.
Рамазанқызы М.
Куаныш Д.

МККК «Айза» балабақшасы бойынша бракераждық комиссия отырысының
№2 Хаттамасы

Ақтөбе қаласы
10.12.2025

Қатысқандар:5

Күн тәртібінде:

- 1.Тамақтандыру сапасына токсандық мониторинг
- 2.Тағамның температуралық режимін тексеру
- 3.Ас блогының санитарлық жағдайы

Тыңдалды:

- 1.Бірінші мәселе бойынша медбике Сабирова Г.М.сөз алды:
Комиссия мүшелері аптасына бір рет дайын тағам сапасын тексерді. Тексеру барысында ешқандай талап бұзушылық фактылар анықталмады, санитарлық талаптар орындалып, тамақтандыру сапасы қанағаттанарлық болды. СанПин талаптарына сәйкес балалардың тамақтану мөлшері де дұрыс болды. Тағамдардың дәмі, иісі, құнарлылығы сақталған. Комиссия мүшелері бір ауыздан жақсы бағасын берді.
- 2.Екінші мәселе бойынша комиссия мүшесі Койшыбаева Г.А. сөз алды:
Тағамдардың температуралық режимі бойынша да ешқандай ескерту болмады, сақталу температуралары дұрыс әр тағам бөлек сақталып, қандай тағам қай жерде сақталатыны жазылып көрсетілген, бір –бірінің сақталуына кедергі жоқ, азық-түліктің сақталу мерзімі де бақыланады, мерзім жері жарамды.
- 3.Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Рамазанқызы М.
Ас блогының санитарлық жағдайы да жақсы, таза, әр зат өз орнында, ешқандай бөгде иіс жоқ, құрал саймандар да маркаланып қойылған, үнемі тазалау жұмысы жүргізіліп отыратыны белгілі болып тұр. Ешқандай ескерту жоқ.

Қаулы:

- 1.Тамақтану сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Температуралық режимді сақтау қатаң бақылауда болсын.
- 3.Санитарлық талаптарды сақтау жалғастырылсын.

Бракераж комиссия төрағасы меңгеруші: Алдадосова А.А.

Сабирова Г.М.
Куанбаева А.К.
Койшыбаева Г.А.
Рамазанқызы М.

МКҚК «Айза» -балабақшасы бойынша бракераждық комиссия отырысының

№3 Хаттамасы

Ақтөбе қаласы
13.03.2026

Қатысқандар:6

Күн тәртібінде:

- 1.Тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін тексеру
- 2.Тағамның шығу нормасын бақылау
- 3.Тамақ сапасына органолептикалық баға беру

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша медбике Сабирова Г.М.. сөз алды.

Комиссия мүшелері қоймадағы азық-түліктің сақтал мерзімін тексерді.Тексеру барысында барлық азық-түліктің сақтау мерзімдері жіті қаралып,тексерілді.Уақыты өткен тамақ түрі жоқ,картоп,пияз мерзіміне орай шамалап өскен бірақ босамаған,қырыққабар,сәбіз тоңазытқыштың ішінде сақталғасын,жақсы сақталған.Басқа тамақтардың сақталу мерзімдері дұрыс,ешқандай ескерту мен бұзушылық жоқ.

2-ші мәселе бойынша есепші Куанбаева А.К.бақылау барысында әр балаға тиесілі нормасына сай берілгенін,шығу нормасы сақталып отырғанын есеппен айтып,комиссияның бақылауы кезінде қазанға салынған және піскен кездегі тағамның нормасы талапқа сай екенін айтты.

3-ші мәселе бойынша ата-аналар комитеті тарапынан Куаныш Д.Н.тамақтың сапасын айтып өтті: Піскен тамақ пен балаларға таратылған тамақтың иісі,дәмі,тұздылығы, майлылығы дұрыс,ешқандай бала тәбетіне кедергі болатын ешқандай себеп болмағанын айтты.Комиссия тағамның дәміне,сапасына жақсы баға беріп,мақтады.Тағам сапасы талапқа сай деп танылды.

Қаулы:

- 1.Өнімдердің сақтау мерзімі тұрақты бақылауды болсын.
- 2.Тағамның шығу нормасы сақталсын.
- 3.Бракераж журналы уақытылы толтырылсын.

Бракераж комиссия төрағасы меңгеруші:

Алдадосова А.А.

Сабирова Г.М.
Куанбаева А.К.
Койшыбаева Г.А.
Рамазанқызы М.
Куаныш Д.Н.

МКҚК «Айза» балабақшасы бойынша бракераждық комиссия отырысының

№4 Хаттамасы

**Ақтөбе қаласы
05.06.2026ж.**

Қатысқандар:6

Күн тәртібінде:

- 1.Жылдық тамақтандыру сапасының қорытындысы
- 2.Ас блогының санитарлық жағдайы
- 3.Келесі оқу жылына ұсыныстар

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Алдадосова А.А. сөз алды:

Комиссияның жыл бойы жүргізілген бақылау нәтижесін талқылап, қорытындылады. 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар уақытылы атқарылып,үнемі байланыста болып,жіті бақыланып отыру нәтижесінде,балаларымыз құнарлы тамақтанып, улану деген кесірлер кездескен жоқ,барлық бракераждық комиссия құрамына алғысын айтып,жұмыс жыл сайын осы қарқында жалғаса беретіні айтып өтті.

2-ші мәселе бойынша медбике Сабирова Г.М.ас блогының жағдайы қанағаттанарлық,санитарлық тазарту,жуу үнемі күнбе-күн өткізіліп отырғанын айтып,шаруашылық меңгерушінің тарапынан да үнемі бақылау жүргізіп,уақытыл керекті құралдар беріліп,істен шыққан құралдарды уақытыл ауыстырып отыратыны аталып өтті.

3-ші мәселе бойынша келесі оқу жылына ұсыныстар туралы айтылды. Шаруа меңгерушісі жаз айларында терезе мен ауа сорғыштарды жөндеу жұмысы өткізілетінін атап айтты.

Қаулы:

- 1.Бракераждық комиссия жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
- 2.Тамақтандыру сапасын бақылау келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Бракераж комиссия төрағасы меңгеруші: :

Алдадосова А.А.

Сабирова Г.М.
Куанбаева А.К.
Койшыбаева Г.А.
Рамазанқызы М.
Куаныш Д.Н.